

## 2009 жылға арналған Қарағанды қаласында әлеуметтік жұмыс орындарын үйімдастыру шаралары туралы

### *Күшін жойған*

Қарағанды облысы Қарағанды қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 28 мамырдағы N 24/03 қаулысы. Қарағанды облысы Қарағанды қаласы Әділет басқармасында 2009 жылғы 15 маусымда N 8-1-96 тіркелді. Қабылданған мерзімі біткеніне байланысты күші жойылды (Қарағанды қаласы әкімінің орынбасарының 2011 жылғы 28 сәуірдегі N 3-4/1329 хатымен)

**Ескерту.** Қабылданған мерзімі біткеніне байланысты күші жойылды (Қарағанды қаласы әкімінің орынбасарының 2011.04.28 № 3-4/1329 хатымен).

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 4 бабы, 5 тармақшасына және 18-1 бабына, "Мемлекеттік басшының 2009 жылғы 6 наурыздағы "Дағдарыстан жаңарту мен дамуға" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 наурыздағы N 264 қаулысына сәйкес және нысаналы топтарға жататын жұмыссыз азаматтарға әлеуметтік қолдау көрсету мақсатында, Қарағанды қаласы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қарағанды қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Жұмыспен қамту бөлімі) (Мәрия Қалиақпарқызы Құсаиынова) занда белгіленген тәртіппен Жұмыспен қамту бөлімінде тіркелген нысаналы топтарға жататын жұмыссыз азаматтарды уақытша жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын құру бойынша жұмыстарды үйімдастырын.

2. Қарағанды қаласы аудандарының әкімдері Жұмыспен қамту бөліміне әлеуметтік жұмыс орындарын құру бойынша жұмыстарды үйімдастыруға жәрдем жасасын.

3. Әлеуметтік жұмыс орындарын құру бойынша шараларды қаржыландыру 2009 жылғы қаржы жылына арналған облыстық бюджеттегі 027 "Әлеуметтік жұмыс орындары және жастар тәжірибесі бағдарламаларын кеңейтуге арналған аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджетінің ағымдағы мақсатты түрдегі трансферті" бағдарламасы бойынша және 002 "Жұмыспен қамту бағдарламасы" 102 "Жұмыспен қамту саласындағы азаматтарды әлеуметтік қорғаудың қосымша шаралары" шағын бағдарламасы бойынша көзделген

Қарағанды қаласының бюджеті қаражаты есебінен жүзеге асырылсын.

4. Нысаналы топтарға жататын жұмыссыз азаматтардың еңбекақысы жұмыс берушінің 50 пайыздық үлесін есепке ала отырып, айна 30 000 теңге мөлшерінде бөлгіленсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Жанат Маратұлы Ысқақовқа жүктелсін.

6. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енеді және 2009 жылғы 1 маусымнан пайда болған құқықтық қатынастарға қолданылады.

*Қарағанды қаласы әкімінің  
міндеттін атқаруышы В. Иванов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК